

20 сәуір 2022 ж. Мектебімізде «Тарихи романдар» және «Қазақ қаламгерлері» тақырыбы бойынша облыстық акция аясында «**І. Есенберлин, Көшпенділер жұлдызы**» атты библиографиялық шоу өтті, "Тарихи романдар" және "Қазақ қаламгерлері" кітап көрмесі ұйымдастырылды, интер белсенді тақта /деректі фильмнен үзінді/, сұрақ-жауап сайысы, жазушының фото суреті. Мақсаты оқушыларға туған жерге, елге деген махаббатын оятып, сонымен қатар өскелең жас ұрпаққа жазушының әдеби мұрасын таныту.

Бұл шығарма - қазақ сөз өнерінің әлемдік нұсқасына қосылған тарихты көркемдік пайымдаудың үздік үлгілерінің бірі, партиялық идеологияның қылышынан қан тамып тұрған уақытта дүниеге келген тарихи эпопеясы. «Ілияс Есенберлиннің шығармашылығында атақты «Көшпенділер» трилогиясы негізгі орын алады, ол эпикалық құлаш - қарымымен, оқиғалардың серпінділігімен, қазақ тарихының жанды әрі қайталанбас тұлғаларының бейнесімен, тілінің шынайылығымен және айқындылығымен ерекшеленеді.





